



www.sk.kz
www.sk.kz

07.11.2022

ipo.sk.kz



<https://www.kmg.kz/rus/>
<https://www.kmg.kz/self/ipo/rus/>

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНДА, АВСТРАЛИЯДА, КАНАДАДА, ЖАПОНИЯДА, ОҢТҮСТІК АФРИКА РЕСПУБЛИКАСЫНДА, СОНДАЙ-АҚ ЗАҢСЫЗ БОЛАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН БАСҚА ЮРИСДИКЦИЯЛАРДА ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА ТҮРДЕ ЖАРИЯЛАУҒА НЕМЕСЕ ТАРАТУҒА АРНАЛМАҒАН.

Қазақстанға қатысты төменде айтылғандарды қоспағанда, осы хабарландыру АҚШ, Австралия, Канада, Жапония немесе Оңтүстік Африка Республикасын қоса алғанда қандай да болмасын юрисдикцияларда эмиссия проспектісіне, сатуға арналған оферта немесе сатып алуға оферта жасау ұсынысына немесе бағалы қағаздарды қандай-да бір түрде сатуға немесе сатып алуға ұсыныс жасауға емес «Астана» халықаралық қаржы орталығы биржасының (бұдан әрі - «АІХ») Проспектісін шығару қағидаларына сәйкес ұсынысқа байланысты жарияланады. Осы хабарландыру жарнама емес және Қазақстан Республикасының аумағында жарнама ретінде және Қазақстан Республикасы заңнамасының мақсаттары үшін пайдалануға арналмаған.

Осы хабарландыру Біріккен Корольдікте Еуропалық Одақтың 2018 жылғы Заңына (Шығу) сәйкес Ұлыбританияның ішкі заңнамасының бөлігі болатындықтан, Бағалы қағаздар проспектісі туралы ереженің (2017/1129 регламенті (ЕО) (бұдан әрі – «Бағалы қағаздар проспектісі туралы ереже») 2(е) бабының мағынасы бойынша «білікті инвесторларға» ғана таратылады және жолданады, ал олар: (i) инвестицияларға байланысты кәсіби тәжірибесі бар және 2000 жылғы Қаржылық қызметтер және нарықтар туралы заңның (Қаржылық жарнама) 19(5)-бабында «инвестициялық қызметтің кәсіби қатысушылары» анықтамасына жататын 2005 жылғы бұйрық (бұдан әрі – «Бұйрық»); немесе (ii) Бұйрықтың 49(2)(a)-(d)-бабына сәйкес келетін активтерінің құны жоғары заңды тұлғалар болтын немесе (iii) бұл басқа жолмен заңды түрде хабарлануы мүмкін адамдар (мұндай адамдардың барлығы бірге «Тиісті адамдар» деп аталады). Тиісті адамдар болып табылмайтын адамдар осы хабарландыруға сәйкес әрекет етпеуі немесе оған сенбеуі керек. Осы хабарландыру жататын кез келген инвестиция немесе инвестициялық қызмет тек Тиісті адамдарға ғана қолжетімді және тек Тиісті адамдар жүзеге асыратын болады. Бұл хабарландыруды тарататын адамдар оның заңды екеніне көз жеткізуі тиіс. Бағалы қағаздар тек Тиісті адамдарға қолжетімді болады және мұндай бағалы қағаздарға жазылу, сатып алу немесе басқа сатып алу туралы кез келген шақыру, оферта немесе келісім тек тиісті Тұлғалармен жасалады.

Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттерге келетін болсақ, бұл хабарландыру тек білікті инвесторларға арналған және осы құжатта аталған бағалы қағаздар Бағалы қағаздар проспектісі туралы ереженің 2(е)-бабының мағынасы бойынша (мұндай адамдар «Білікті инвесторлар» деп аталады) және/немесе Бағалы қағаздар проспектісі туралы ереженің 1-бабының 4-бөлімінің қолданысына жататын басқа жағдайларда ғана білікті инвесторларға ұсынылатын болады. Сондай-ақ кез келген осындай Білікті инвестор ұсыныс

шеңберінде сатып алған кез келген осындай бағалы қағаздар осындай Білікті инвесторлардан басқа тұлғалардың атынан сатып алынбағанын ұсынған және келіскен болып есептеледі.

Осы хабарландыру да, оның қандай да бір ережелері де кез келген юрисдикциядағы оферта немесе міндеттеме үшін негіз болмайды және оларға кез келген юрисдикциядағы оферта немесе міндеттеме бойынша сенім артуға болмайды. Инвесторлар жай акциялардың АІХ бағалы қағаздарының ресми тізіміне ықтимал қосылуына және оларды КМГ сауда коды бар АІХ-тің негізгі алаңында ресми саудасаттыққа жіберуге байланысты «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «ҚМГ») дайындаған эмиссия проспектісінің (бұдан әрі – «Прспект») соңғы нұсқасында қамтылған ақпаратқа сүйене отырып, осы хабарландыруда айтылған қандай да бір бағалы қағаздарға жазылуды жүзеге асырмауы немесе сатып алмауы тиіс. Проспектіні 2022 жылы 7 қарашада АІХ мақұлдады. Проспект ағылшын тілінде әзірленіп, ҚМГ оны қазақ және орыс тілдеріне аударды. Проспектінің қазақ және орыс тілдеріне және(немесе) өзге тілдерге аудармасы АІХ тарапынан тексерілмеген және мақұлданбаған. Кез келген күмән туындаған жағдайда, Проспектінің ағылшын тіліндегі нұсқасын басшылыққа алу керек. Ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі Проспект ҚМГ-ның веб-сайтында: <http://www.kmg.kz> сілтемесі бойынша және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») веб-сайтында: <http://www.sk.kz> сілтеме бойынша танысу үшін қолжетімді болады.

2022 жылғы 7 қараша

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қор») бүгін өзінің алғашқы жария ұсынысын жүзеге асыру ниетін растайды, оның шеңберінде Қор «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚМГ»), Қазақстанның ұлттық мұнай-газ компаниясының (бұдан әрі – «Акциялар») өзіне тиесілі 551 698 745 акциядан (бұдан әрі – «ІРО» немесе «Ұсыныс») 30 505 974 жай акциясын сатады.

ҚМГ акцияларды «Астана» халықаралық биржасының (бұдан әрі – «АІХ»), «Астана» халықаралық қаржы орталығының қор биржасының (бұдан әрі – «АХҚО») бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізуге және акцияларды АІХ-те сауда-саттыққа жіберуге өтінім беруге ниетін растайды.

Алмасадам Сәтқалиев, Басқарма төрағасы:

«Ұсыныс шеңберінде 90,42% Акцияларға иелік ететін Қор инвесторлардың кең ауқымына (Қазақстан азаматтары үшін басымдықпен) 30 505 974 Акцияға дейін сатып алуды ұсынуға ниетті, бұл барлық Акциялардың жалпы санының шамамен 5%-ын құрайды. Қалған акциялар қазіргі уақытта Қазақстан Ұлттық Банкіне тиесілі.

Осылайша ІРО-ның нәтижелері бойынша Қор кем дегенде 85% Акцияларға иелік етуді жалғастырады.

Ұсыныстың шеңберінде бір Акцияның бағасы шамамен 5,1 триллион теңге мөлшерінде капиталдандыруды болжай отырып, бір Акция үшін 8 406 теңгені құрайды.

Инвесторлардың өтінімдерін қабылдау 2022 жылдың 9 қарашасында басталып, институционалдық инвесторлар үшін 2022 жылдың 30 қарашасында, ал бөлшек инвесторлар үшін 2022 жылдың 2 желтоқсанында аяқталады».

Мағзұм Мырзағалиев, ҚМГ Басқарма төрағасы:

ҚМГ жетекші мұнай-газ компаниясы және Қазақстандағы ұлттық компаниялар арасындағы ең ірі компания, көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, қайта өңдеуге және сервистік қызметтер көрсетуге дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады, сондай-ақ мұнай-газ саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысады. Компания елдегі мұнай мен газ конденсатын өндіруде 25% , тасымалдауда 56% және мұнай өңдеуде 82%-ды қамтиды. Біздің шоғырландырылған активтеріміз 15 триллион теңгеден асты. Биыл ҚМГ-ның құрылғанына 20 жыл. Қазірдің өзінде компания корпоративтік басқару мен ашықтықтың ең жоғары стандарттарына сәйкеседі, өзінің еурооблигацияларының шығарылымдары арқылы халықаралық және қазақстандық бағалы қағаздар нарықтарында кеңінен танымал, барлық үш жетекші халықаралық

рейтингтік агенттіктердің халықаралық кредиттік рейтингтері бар, олардың екеуі инвестициялық деңгей.

Үкімет пен Қордың ҚМГ акцияларының бір бөлігін еркін нарықта сату туралы шешімі әлеуетті инвесторларға компанияның акцияларын сатып алуға мүмкіндік береді, Қазақстандағы бағалы қағаздар және қор биржалары нарығының дамуына ықпал ететін болады. Бұл ретте компанияны бақылау Қор арқылы мемлекетте қалатынын атап өтемін.

Біз өз тарапымыздан ҚМГ компаниясы инвесторларымыз үшін тартымды болуы және олардың инвестициялық портфельдерінде лайықты орын алуы үшін бар күшімізді саламыз.»

Жоспарланған ұсыныстың негізгі аспектілерін растау

- ҚМГ-да жоспарланып отырған IPO Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру аясында өткізіледі.
- Қор AIX және KASE қағидалары мен ережелеріне сәйкес қазақстандық және халықаралық бөлшек және институционалдық инвесторларға AIX қазақстандық алаңдарында және Қазақстандық қор биржасында (бұдан әрі – «KASE») акциялар ұсынуға ниетті.
- Қазіргі уақытта Қорға ҚМГ-ның барлық шығарылған және орналастырылған жай акцияларының 90,42%-ы тиесілі. Ұсыныс шеңберінде Қор 30 505 974 Акцияны сатуға ұсынуға ниетті, бұл шығарылған және орналастырылған Акциялардың жалпы санының 5%-на дейінгіні (610 119 493 дана көлемінде) құрайды. IPO өткізілгеннен кейін Қор акциялардың жалпы санының кемінде 85%-на иелік етеді.
- ҚМГ ұсыныс шеңберінде жаңа Акцияларды орналастыруды (сатуды) жоспарламайды және IPO-ның нәтижесінде Қор акцияларды сатудан ақшалай қаражат алмайды.
- Ұсыныс мақсаттары үшін бір акцияның бағасы шамамен 5,1 триллион теңге мөлшерінде капиталдандыруды болжай отырып, 8 406 теңгені құрайды.
- Акцияларды «KMG» сауда коды (тикері) бар AIX-тің ресми тізіміне енгізу 2022 жылғы 7 желтоқсанда күтіледі, ал AIX-те сауда-саттыққа рұқсат 2022 жылғы 8 желтоқсанның бастап күтіледі.
- ҚМГ-ның жай акциялары «KMGZ» сауда коды бар KASE листингіне енгізілген.
- ҚМГ-ның ағымдағы акционерлері – Қазақстан Республикасының Қоры мен Ұлттық Банкі үшін IPO өткізілгеннен кейін – Акцияларды сатуға немесе өзге де иеліктен шығаруға 180 күндік тыйым салынатын болады (әрбір жағдайда белгілі бір жалпы қабылданған ерекшеліктермен).
- Инвесторлардың өтінімдерін қабылдау 2022 жылғы 9 қарашада (Астана қ.) уақыты бойынша сағат 12:00-де басталады және институционалдық инвесторлар үшін 2022 жылғы 30 қарашада сағат 18:00-де, ал бөлшек инвесторлар үшін 2022 жылғы 2 желтоқсанда (Астана қ.) уақыты бойынша сағат 15:00-де аяқталады.
- ҚМГ және Қор өкілдерінің қатысуымен роудшоуды 2022 жылғы 9 қарашадан бастап немесе осы күнге жақын уақытта өткізу жоспарлануда.
- Ұсыныстың бірлескен үйлестірушілері мен букраннерлері «BCC Invest» АҚ, «Фридом Финанс» АҚ, «Halyk Finance» АҚ және «SkyBridge Invest» АҚ.
- ҚМГ Ұсыныстың мақсатында 2022 жылы 7 қараша AIX мақұлдаған Проспектіні ағылшын тілінде әзірледі. ҚМГ Проспектіні қазақ және орыс тілдеріне аударды. Кез келген күмән туындаған жағдайда, ағылшын тіліндегі Проспектінің нұсқасын басшылыққа алу керек. Проспект ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде ҚМГ-ның (www.kmg.kz) және Қордың (www.sk.kz) веб-сайттарында танысу үшін қолжетімді.

Компанияның қысқаша шолуы

- ҚМГ құн тізбегінің барлық кезеңдерінде толық интеграциясы бар мұнай саласының ұлттық көшбасшысы және Қор мен ҚМГ-ның пікірінше, ұзақ мерзімді өсу үшін іргелі алғышарттары бар қазақстандық мұнай-газ өнеркәсібіне инвестициялауға бірегей мүмкіндік береді.
- ҚМГ миссиясы – болашақ ұрпаққа қамқорлықпен Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін, дамуы мен гүлденуін қамтамасыз ету үшін табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды игеру.
- ҚМГ қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және қаржылық нәтижені барынша арттыруға бағдарланған орнықты даму қағидаларына жауап беретін жетекші тігінен интеграцияланған

мұнай-газ компаниясы ретінде үздіксіз өсуге қол жеткізуге және өз позициясын нығайтуға ұмтылады.

- Компанияның болашақ өсуіне маңызды үлес 2023-2024 жылдары Теңіз кен орнында Болашақ кеңейту жобасын және Сағалық қысымды басқару жобасын аяқтауды, сондай-ақ Қашаған және Қарашығанақ кен орындарында өндірісті одан әрі ұлғайтуды қоса алғанда, мегажобаларды іске асыру есебінен болады.
- ҚМГ ұлттық компания ретінде Қазақстан аумағындағы жер қойнауының стратегиялық учаскелері мен теңіз жобаларына қатысты жер қойнауын пайдалануға бірегей құқықтарға ие және геологиялық барлау саласында елеулі перспективаларға ие.
- Даму стратегиясына сәйкес қорлар өсімінің әлеуетті көлемі шамамен 1,9 миллиард баррель мұнай эквивалентін құрайды.
- Sustainalytics халықаралық рейтингтік агенттігі ҚМГ-ның тәуекелдерін ESG басқаруымен 28,5 балл деңгейінде бағалады, бұл халықаралық мұнай-газ нарығында ESG тәуекелдерін басқарудағы ҚМГ-ның күшті ұстанымдарын көрсетеді.
- ҚМГ Қазақстанда мұнай тасымалдаудың барлық маңызды жобаларына қатыса отырып, мұнай тасымалдау секторында жетекші орынға ие.
- Компания активтерінің құрамына Қазақстандағы толық жаңғыртылған төрт ірі мұнай өңдеу зауыты және Румыниядағы екеуі кіреді.

Компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштеріне қысқаша шолу

- Қазіргі уақытта акциялардың 90,42%-ы Қорға, ал акциялардың 9,58%-ы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі. Қордың Жалғыз акционері – Қазақстан Республикасының Үкіметі.
- Шоғырландырылған активтердің жиынтық мөлшері 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында 13,6 триллионнан 15,2 триллион теңгеге дейін ұлғайды.
- 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында түсім 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы 2 672 млрд теңгемен (6 299 миллион АҚШ доллары) салыстырғанда 57,3%-ға ұлғайып, 4 203 млрд теңгені (9 339 миллион АҚШ доллары) құрады.
- EBITDA көрсеткіші 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы 750 млрд теңгемен (1 767 миллион АҚШ доллары) салыстырғанда 49,2%-ға артып, 1 119 млрд теңгені (2 486 миллион АҚШ доллары) құрады.
- EBITDA түзетілген көрсеткіші 22,4%-ға ұлғайды және 2022 жылдың 6 айында өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі 489 млрд теңгемен салыстырғанда 598 млрд теңгені құрады.
- 2022 жылдың алғашқы 6 айында таза пайда өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 5%-ға артып, 677 млрд теңгені (1 504 миллион АҚШ доллары) құрады.
- Бірлескен бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың үлесіне түзетілген таза пайда 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы 384 млрд теңгемен (904 миллион АҚШ доллары) салыстырғанда 156 млрд теңгені (348 миллион АҚШ доллары) құрады.
- Еркін ақша ағыны 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 291 млрд теңгемен (685 миллион АҚШ доллары) салыстырғанда 188 млрд теңгені (417 миллион АҚШ доллары) құрады.
- 2022 жылғы 30 маусымдағы жалпы қарыз 3 746 млрд теңге (8 676 миллион АҚШ доллары) мөлшеріндегі 2021 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 3 935 млрд теңгені (8 366 миллион АҚШ доллары) құрады;
- 2022 жылғы 30 маусымдағы таза қарыз 2 292 млрд теңгені (4 872 миллион АҚШ доллары) құрады, бұл 2021 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 2 204 млрд теңгені (5 104 миллион АҚШ доллары) құрады.
- 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 10 774 мың тоннаны құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,3%-ға ұлғайды.
- 2021 жылдың 6 айымен салыстырғанда мұнайды тасымалдау көлемі 0,6%-ға артып, 37 157 мың тоннаны құрады.
- Қазақстандық және Румындық МӨЗ-де көмірсутек шикізатын қайта өңдеу көлемі 0,2%-ға ұлғайып, 9 721 мың тоннаны құрады.

(Теңге мен АҚШ долларының арақатынасына қатысты ескерту: айырбас бағамы әр жағдайда бірыңғай емес, тиісті күнге қолданылғандай әр түрлі пайдаланылды.)

Қосымша ақпарат алу үшін Сіз

«Самұрық-Қазына» АҚ баспасөз қызметі жүгіне аласыз:

Тел.: +7 (7172) 55 26 90

e-mail: press@sk.kz

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ баспасөз қызметі

Тел.: +7 (7172) 78 62 31, 78 91 49

e-mail: press@kmg.kz

ІРО мәселелері бойынша жедел желі (қоңырау қалалық және мобильді нөмірлерден тегін)

Тел.: 8 (800) 004 03 15

e-mail: ipro@kmg.kz

Инвесторлармен жұмыс жөніндегі басқарма

Тел.: +7 7172 78 63 43

e-mail: ir@kmg.kz

Осы хабарландырудың көшірмесі Интернет желісіндегі <http://www.kmg.kz> сайтында орналастырылады.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ туралы («ҚМГ»)

ҚМГ Қазақстанның жетекші тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, қайта өңдеуге және мамандандырылған қызметтер көрсетуге дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады, сондай-ақ мұнай-газ саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысады. Компания 2002 жылы құрылған. ҚМГ негізгі активтеріне мыналар кіреді: **Барлау және Өндіру:** Өзенмұнайгаз (ӨМГ) – 100%, Ембімұнайгаз (ЕМГ) – 100%, Қазақтүрікмұнай (ҚТМ) – 100%, ҚазМұнайТеңіз – 100%, Урихтау (УО) – 100%, Маңғыстаумұнайгаз (ММГ) – 50%, Қазгермұнай (ҚГМ) – 50%, Қаражанбасмұнай (ҚБМ) – 50%, Қазақойл Ақтөбе (ҚОА) – 50%, ПетроҚазақстан Инк (ПӨИ) – 33%, Теңізшевройл (Теңгіз) – 20%, Қарашығанақ – 10%, Қашаған – 16,88%. **Тасымалдау:** ҚазТрансОйл – 90%, Қазақстан-Қытай Құбыры (ҚҚТ) – 50%, МұнайТас – 51%, Батум мұнай терминалы – 100%, Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК) – 20,75%, Қазақтеңізкөлікфлоты – 100%. **Өңдеу және басқалары:** ПМХЗ – 100%, АМӨЗ – 99,53%, ПҚОП – 49,72%, КМГ International – 100%, Петромидия – 54,63%, Вега – 54,63%, ҚазРосГаз – 50%, Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк. – 49,5%.

Толығырақ ақпарат <http://www.kmg.kz> сайтында.

МАҢЫЗДЫ ХАБАРЛАМА

Бұл хабарландыруда қамтылған ақпарат тек анықтамалық мақсаттарға арналған және толық немесе жан-жақты болуға үміткер емес, сондай-ақ инвестициялық қызметке қатысуға шақыру немесе ниет болып табылмайды (толық немесе ішінара), сондай-ақ АҚШ-ты қоса алғанда кез келген юрисдикцияларда бағалы қағаздарды сатып алуға ұсыныс немесе шақыру немесе кез-келген бағалы қағаздарды сатып алуға, иеленуге немесе сатуға қатысты ұсыныс болып табылмайды. Ешбір адам осы хабарландырудағы ақпаратқа немесе оның дәлдігіне, шынайылығына немесе толықтығына ешқандай мақсатта сене алмайды. Бұл хабарландырудың мазмұны заңдық, қаржылық немесе салықтық кеңес ретінде қарастырылмауы тиіс.

Бұл хабарландыру Америка Құрама Штаттарында, Австралияда, Канадада, Жапонияда, Оңтүстік Африка Республикасында немесе осындай юрисдикциялардың тиісті заңдарын бұзатын кез келген басқа

юрисдикцияда тікелей немесе жанама түрде жариялауға немесе таратуға арналмаған. Осы хабарландырудың таралуы кейбір юрисдикцияларда заңмен шектелуі мүмкін және осы құжатта аталған кез келген құжат немесе басқа да ақпарат қаралатын адамдар осындай шектеулермен танысып, оларды ұстануы тиіс. Осы шектеулерді сақтамау кез-келген осындай юрисдикцияның бағалы қағаздар туралы заңдарын бұзуы мүмкін.

Бұл хабарландыру АҚШ-та кез-келген бағалы қағаздарды сату туралы ұсыныс емес. Бағалы қағаздарды Америка Құрама Штаттарында 1933 жылғы АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы **Заңына (бұдан әрі - «АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы Заңы»)** сәйкес тіркеусіз немесе тіркеуден босатусыз ұсынылмайды немесе сатылмайды. ҚМГ Америка Құрама Штаттарында акциялардың қандай да бір ықтимал ұсынысының кез келген бөлігін тіркемеген немесе тіркеуге немесе Америка Құрама Штаттарында қандай да бір бағалы қағаздарды жария орналастыруға ниетті емес.

Осы құжатта аталған акциялар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және АХҚО қағидалары мен ережелеріне сәйкес тек Қазақстан Республикасында, оның ішінде АХҚО-да немесе АХҚО-дан ғана ұсынылуы немесе сатылуы мүмкін. Осы хабарландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына және осындай тұлғалардың немесе ұйымдардың құқықтылығы / мәртебесіне қолданылатын кез келген басқа да заңдарға сәйкес осындай іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы жеке немесе заңды тұлғаларды қоспағанда, Қазақстандағы бағалы қағаздарды кез келген қазақстандық жеке немесе заңды тұлғаға немесе оның пайдасына сату, сатып алу, айырбастау немесе басқа да беру туралы ұсыныс немесе ұсыныс жасауға шақыру болып табылмайды.

Осы хабарландыру жарнама емес және егер мұндай жарнама Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жарнама ретінде (яғни, тұлғалардың шектеусіз тобына арналған, кез келген нысанда таратылатын және орналастырылатын және ҚМГ-ға және оның тауарларына, тауар белгілеріне, жұмыстарына, қызметтеріне және/немесе оның бағалы қағаздарына қызығушылық туғызуға немесе қолдауға және оларды сатуға ықпал етуге бағытталған ақпарат) ретінде түсіндірілмейді.

«Nalyk Finance» АҚ, «Freedom Finance» АҚ, «SkyBridge Invest» АҚ және «BCC Invest» АҚ (бірге «**Букраннерлер**») ешқайсысы, олардың тиісті үлестес тұлғаларының, олардың тиісті директорларының, лауазымды тұлғалары немесе қызметкерлерінің, кеңесшілерінің, агенттері немесе кез келген басқа тұлғаларының ешқайсысы мазмұны үшін жауапкершілікті өз мойнына алмайды немесе жазбаша, ауызша немесе визуалды немесе электронды түрде болсын, сондай-ақ қандай да бір жолмен берілсе немесе ұсынылса немесе осы хабарландыруды немесе оның мазмұнын кез келген пайдалану нәтижесінде қандай да бір түрде туындаса да немесе осыған байланысты туындайтын өзге де залалдар үшін осы хабарландыруда ұсынылған немесе қамтылған ақпараттың дәлдігі, дұрыстығы немесе толықтығы (немесе осы хабарландырудан қандай да бір ақпарат алынып тасталды ма) немесе ҚМГ-ға, оның еншілес компанияларына және олардың қауымдасқан компанияларына (бұдан әрі – «**Топ**») қатысты кез келген басқа ақпарат ретінде айқын немесе тұспалданатын қандай да бір мәлімдемелер немесе кепілдіктер жасайды. Тиісінше Букраннерлердің әрқайсысы және олардың тиісті үлестес тұлғалары, олардың тиісті директорлары, лауазымды тұлғалары немесе қызметкерлері, сондай-ақ олардың атынан әрекет ететін кез келген басқа тұлға мүмкін болатын ең жоғары дәрежеде қандай да бір адам осы хабарландыру мазмұнының барлығына немесе кез келген бөлігіне, зиян келтіруден, шарттан немесе осы хабарландыруға немесе оның мазмұнына қатысты олар көтере алатын басқа да жауапкершіліктен немесе оған байланысты басқа жолмен туындайтын жауапкершіліктен болсын, хабарландыруға немесе оның мазмұнына қатысты болуы мүмкін немесе басқа жолмен оған байланысты кез келген шығын үшін қандай да бір жауапкершіліктен бас тартады.

Бұл хабарландырудағы кейбір мәлімдемелер тарихи фактілер емес және АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы Заңының 27А бөлімі мен 1934 жылғы АҚШ-тың биржалар туралы Заңының 21Е бөлімі мағынасында «болжамды» болып табылады. Болжамдық сипаттағы мәлімдемелер жоспарларға, күтулерге, болжамдарға, міндеттерге, мақсаттарға, стратегияға, болашақ оқиғаларға, болашақ табыстарға немесе нәтижелерге, күрделі шығындарға, қаржыландырудағы қажеттіліктерге, жоспарларға немесе ниеттерге қатысты, сатып алулармен, бәсекелестік артықшылықтармен және жоспар мен мақсаттың кемшіліктерімен байланысты, ҚМГ салаларда күтетін даму жобаларының, қаржылық жағдайдың және болашақ операциялар мен дамудың, ҚМГ бизнес-стратегиялары мен үрдістерінің, сондай-ақ ҚМГ қызметін жүзеге асыратын саяси және құқықтық орта мен тарихи фактілер болып табылмайтын басқа да ақпараттың жобаларымен байланысты өтініштерді қамтиды. Өзінің табиғаты бойынша болжамды сипаттағы мәлімдемелер жалпы және жеке сипаттағы ажырамас тәуекелдер мен

белгісіздіктермен байланысты және болжаулардың, болжамдардың, және болжамдық сипаттағы басқа да мәлімдемелермен іске асырылмайтын тәуекелдер бар. Осы тәуекелдер мен белгісіздіктерді ескере отырып, мұндай болжамды мәлімдемелерге артық сенім артпаңыз. Букраннерлер осы құжатта қамтылған қандай да бір болжамды өтініштерді жаңарту жөнінде ниет білдірмейді және өзіне ешқандай міндеттеме алмайды.

Сонымен Қатар бұл хабарландыруда Топтың саласы, оның нарықтық және жалпы бизнес сегменттері туралы ақпарат бар, олар болжамды және саланың, сондай-ақ Топтың нарықтық және бизнес сегменттерінің қалай дамитыны туралы әртүрлі болжамдарға негізделген. Бұл болжамдар қазіргі уақытта ҚМГ үшін қолжетімді ақпаратқа негізделген. Егер осы болжамдардың біреуі немесе бірнешеуі дұрыс болмаса, нақты нарықтық нәтижелер болжанғаннан өзгеше болуы мүмкін. ҚМГ мұндай айырмашылықтар Топ бизнесіне қандай әсер етуі мүмкін екенін білмесе де, егер мұндай айырмашылықтар туындаса, олар Топтың болашақ қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайына айтарлықтай жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Бұл хабарландырудағы ақпарат өзгеруі мүмкін. Қандай да бір Акцияларға жазылмас бұрын немесе оларды сатып алмас бұрын, осы хабарландыруды қарайтын адамдар Проспектіде көрсетілген тәуекелдерді толық түсінетініне және қабылдайтынына көз жеткізуі керек. Осы хабарландырудағы ақпаратқа, оның дәлдігіне немесе толықтығына ешбір мақсатта сенуге болмайды. Бұл хабарландыру да, онда аталған Проспектіде де қамтылған кез келген нәрсе де негіз болмауы керек немесе қандай да бір ұсыныс немесе сатуға немесе шығаруға шақыру немесе қандай да бір акцияларды немесе кез келген басқа бағалы қағаздарды сатып алу немесе жазылу туралы қандай да бір ұсынысқа кез келген шақыру, сондай-ақ берілген хабарландыру (немесе оның кез келген бөлігі) немесе оны тарату фактісі кез келген келісімшарттың негізін құрмайды және осыған байланысты оған сенуге болмайды.

Қор IPO-ны өткізбеу туралы шешім қабылдауы мүмкін, сондықтан ұсыныс жүзеге асырылатынына және(немесе) инвесторлардың барлық немесе кез келген бөлігін қанағаттандыруға кепілдік жоқ. Қаржылық шешімдер бұл хабарландыруға негізделмеуі керек. Бұл хабарландырудың қатысы бар инвестицияларды жүзеге асыру инвесторды өзі салған соманың барлығын немесе бір бөлігін жоғалту қаупіне ұшыратуы мүмкін.

Инвестицияларды жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыратын тұлғалар осындай инвестициялар бойынша консультация беруге маманданған кәсіби тұлғамен кеңесуге тиіс. Бұл хабарландыру да, онда айтылған Проспект те ықтимал ұсынысқа қатысты ұсыныс болмайды. Акциялардың құны төмендеуі де, өсуі де мүмкін. Әлеуетті инвесторлар ықтимал ұсыныстың мүдделі тұлға үшін сәйкестігіне қатысты кәсіби кеңесшімен кеңесуі керек.

«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғаммен байланыс департаменті

БАҚ мәселелері бойынша: +7 702 767 04 52, press@sk.kz